

*Рассмотрим научный аспект.* Исследование миграционной проблематики должно происходить через сферу науки, это бесспорно.

В науке миграциологии теория и практика управления миграционными процессами изначально рассматривались как следствие экономических процессов, так как наиболее популярным был экономический подход в изучении рассматриваемой проблематики. Экономистами миграция рассматривается как один из главных элементов рынка труда.

В настоящее время научные подходы к изучению миграционных процессов изменились, их рассматривают такие науки, как демография, география, история, социология, юриспруденция. Огромное значение в этих исследованиях приобретает сравнительное правоведение, так как с помощью данного метода становится возможным проведение анализа государственно-управленческой практики отдельных стран.

Исходя из вышеизложенного, необходим переход в исследованиях миграционной проблематики к комплексному подходу, сочетающему в себе методы нескольких научных направлений и школ.

К сожалению, система государственного управления миграционными процессами в Республике Казахстан страдает фрагментарностью, недостаточной слаженностью в работе механизма государства.

Таким образом, правовое обеспечение миграционной политики – один из важнейших рычагов механизма государства, так как миграция способна влиять на общую картину народонаселения и экономическую карту страны.

---

1. Романов И.А. Государственное регулирование миграционных процессов в современной России: автореф. дис... д-ра социолог. наук. 22.00.08. – М., 2006. – 32 с.

2. Государственная программа по форсированному индустриально-инновационному развитию Республики Казахстан на 2010 – 014 годы // <http://ru.government.kz/resources/docs/doc12>

\*\*\*

The article discusses various aspects of immigration law. For example, the scientific aspect of the institutional and regulatory aspects. It is shown that migration can affect the overall picture of population and economic map of the country. The author concludes that the legal provision of immigration policy - one of the most important levers of the state mechanism

\*\*\*

В статье рассматриваются различные аспекты миграционного права. Например, научный аспект, институциональный аспект и нормативный. Доказывается, что миграция способна влиять на общую картину народонаселения и экономическую карту страны. Автор приходит к выводу, что правовое обеспечение миграционной политики – один из важнейших рычагов механизма государства.

***А.Б. Жазылбекова***

## **МЕМЛЕКЕТТІЛІК ҰҒЫМЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ МЕН ДАМУЫ**

Өркениет жағдайында қоғамды сипаттайтын маңызды ерекшелік – тәуелсіздікке деген ұмтылыс: біртіндеп нығаятын (үзілістермен, кейін қарай бұрылыстармен, қиыр жолдармен) жеке адамның автономиясы, жеке меншікке негізделген экономиканың тәуелсіздігін, жеке адамның қоғамды басқаруға қатысуы (түрлі формалардағы халықтық билеу).

Адамдардың тіршілік етуінің алғы шарты қауымдастық. Адамдар қауымға бірге отырып жаңа материалдық игіліктер жасайды, сол игіліктерді бөлісу, айырбастау, пайдалану үшін, тіршілікті торқыратпау үшін жан ұя құрып және топтарға бірігіп әрекеттер жасады. Адамдар қауымдастығы өзінің белгілі бір даму кезеңінде өз қауымдастарының жеке бастарымен жан-ұя мүшелерінің мүддесін қорғап, тыныштығын қамтамасыз ету үшін саяси күшті қамтамасыз етті. Мұндай күш ретінде өмірге мемлекет келді. Мемлекет өзінің мүддесі мен функцияларын толығымен анықтаған кезде, цивилизация талаптарына сәйкес, демократия жағдайында дамиды.

Адамзат әлемінің пайда болу кезеңінен бастап бастау алатын қоғамдық өмірдің түп тамырының құқық идеясының қалыптасуы белгілі. Ежелгі ескерткіш жазбаларында орын алған алғашқы қауымдық құрылыстағы меншіктік және әлеуметтік теңсіздік кейін келе қоғамдық қатынастарды орнықтыру мақсатында нормативті-билікті қажеттілікті мойындаттырды. Бұл пікір алғашқы қауымдық биліктен мемлекеттік билікке, оның қалыптасуы заңды-заңи реформаларға, мемлекеттік басқару механизмнің құқықтық реттелуін қажет етті.

Мемлекет экономикалық және рухани факторларын негізінде елдегі ұйымдастықты қамтамасыз ететін біртұтас билік ету ұйымына айнала отырып, адамзатқа цивилизацияның негізгі жемістері – халықтың билікті, экономикалық тәуелсіздікті, жеке бастың бостандығын береді. Сондықтан, мемлекетте оның институттарының толық комплексі жетілдіріліп, оның потенциалы цивилизация

және мәдениет құбылысы ретінде анықталады. Бұл жағдайлар мемлекетті дамыған саяси құрылым ретінде қарастаруға мүмкіндік береді.

Мемлекет институттарының бүкіл кешенін демократиялық қоғамда жетілдіру саяси биліктің үстемдік етуіне жол бермейді және оның теріс дамуын шектейді немесе мүлде жояды. Қоғамның тіршілік етуі негізі экономиканың және рухани факторлармен анықталады, яғни, оның табиғи дұрыс дамуы қамтамасыз етіледі. Мемлекеттің пайда болуы адамзат қоғамының өркеніетінен енгенін, яғни, оның өз негізінде дамитын, өзін-өзі реттейтін жүйе қасиеттеріне ие болғанын көрсетеді. Мемлекет белгілі бір территория шеңберінде халықты көндіру басымдылығына ие, ол бүкіл қоғам атынан ішкі және сыртқы саясатты жүргізіп отыру құқығына ие, барлық жұртқа міндетті заңдар мен ережелер шығарудың ерекше құқығынан ие, салық салып отыру құқығына ие.

Қазіргі кезең – аса ірі тарихи өзгерістер заманы. Қазақстан Республикасының халықтары тарихи дамуының жаңа серпінінде өркеніетті демократиялық қоғамды бірден таңдап алды. Ел Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауында “Біз жаңа мемлекетті, жаңа нарықтық экономикасымен демократияны көптігін өзгеде жас тәуелсіз мемлекеттер осы тәрізді жолды басынан кешіпте үлгерген уақытта құру үстіндеміз”. [1]

Қазіргі жағдайда мемлекет туралы әлеуметтік тұжырым, әсіресе жаңа ғылыми және оқу пәні – аяси ғылым пайда болғаннан және қабылданғаннан соң ғылымда тұтастай үстемдік орын ала бастады. Мемлекетке анықтама берудің заңдылық – экономикалық көзқарасы шет ел ғылымында жиі ұшырасады. Онда заңды түрде ұйымдасуына және бірлескен орталықтандырылған экономикалық қызметінің қажеттілігіне баса назар аударылады. Шет ел ғылымында мемлекеттің басқа да анықтамалары толып жатыр, олар оның әр қырына назар аударады. Соңғы кезде мемлекетке кибернетикалық тұрғыда сипаттама беру байқалады. Оны жақтаушылар мемлекетті тікелей және кері байланысты ақпаратқа таңылған жүйе ретінде қарастырады: “ақпараттар”, “мемлекеттік рецепторға” енгізілуге, содан соң одан беделді шешімдер шығаруға тиіс. Оларды халық әрқалай қабылдайды, ол жөнінде ақпараттар рецепторға қайта келіп түседі, содан соң үздіксіз жаңа цикл, т.т. басталады дейді. [2]

Мемлекет туралы айтылғандарды зерделейтін болсақ – мемлекет белгілі бір ұйым, ол билік өкілеттігіне ие, оның мамандандырылған агенттіктер мен ведомствалардан тұратын аппараты болады деген пікірді білдіреді. Қорыта айтсақ, мемлекет – қоғамдағы бірден бір әмбебап ұйым, ол әкімшілік – аумақтық бөліністерге сәйкес елдің барлық халқын қамтиды. Мемлекетке қысқа, әрі жан-жақты анықтама беру мүмкін емес, ол - өте күрделі, көп қырлы құбылыс. Қазіргі мемлекет – қоғамдағы әмбебап саяси ұйым, әлеуметтік кереғарлыққа сүйенген және “ортақ істерді” орындау қажеттігінен туған ұйым. Оның ерекше жария билігі және қоғамды басқаратын мамандандырылған аппараты болады. Ол ең алдымен экономикалық, саяси және идеологиялық жағынан үстем әлеуметтік топтың мүдделерін білдіреді және белгілі бір дәрежеде қоғамның әралуан топтары арасында төрелік қызметті орындайды. Бұл ұйым, ең алдымен, халықты әкімшілік-аумақтық бөліністерге бөлу мен азаматтық институт негізінде құрылады.

Қоғамның тарихи дамуының әрбір маңызды кезеңінің өзіндік саяси-құқықтық мекемелері, оны теориялық тұрғыда түсіндірудің ұғымдары мен тәсілдері болған. Сондықтан тарихи кезеңдегі мемлекет пен құқық теоретиктерінің арасында мемлекеттік мекемелердің ерекшеліктерімен және сәйкес тарихи тип пен түрдің құқықтық принциптеріне байланысты әр түрлі саяси-құқықтық мәселелер өзекті болды. Мәселен, Ежелгі Грецияның құлиеленуші мемлекеттерінде басты көңіл мемлекет құрылымына, саяси қайраткерлікке араласуға мүмкіндік берілген жеке тұлғалар мәселелеріне, құл иеленушілердің үстемдігін бекітудің мемлекеттік-құқықтық тәсілдеріне аударылды. [3]

Сонымен, мемлекеттілік кезеңге дейінгі әлеуметтік билік тікелей түрде қоғамдық болған, оның құрылуы алғашқы қауымдылық демократияға, өзін өзі басқаруға негізделген-тін, оның ықпалы тек ру (қауым) тегіне ғана таралатын да сол рудың (қауымның) ырықын (ерік-жігерін) білдіретін, қандас туыстардың өзара қатыстылықтарына негізделетін, мұнда қауымның жиналысы биліктің органы ретінде іс атқаратын, ру ағалары алғашында ешқандай жеңілдіктерге ие болған деп тұжырым жасауға болады. Ф.Энгельс алғашқы қауымдық құрылысты “алғашқы қауымдық каммунизм”, “адамзаттың алтын ғасыры” деп атаған.

Алғашқы қауымдық кезеңде қоғамдық қатынастарды нормативтік реттеу, рулар мен тайпалардың әлеуметтік – экономикалық бірлігін білдіріп және оны қамтамасыз етіп отырған адамдардың тіршілік етуі әрекеттерінің өзінде болатын. Мұның өзі еңбек құралдарының жетілдірілмеген қарапайымдылығымен, еңбек өнімділігінің мардымсыздығына байланысты еді. Осыдан барып бірлесіп тұру еңбек құралдары қоғамдық меншіктің болуын және өндірілген қоректік өнімдерді теңдей етіп бөлу қажеттілігін туындатады. Ал мұның өзі алғашқы қауымдық қоғам нормаларының

табиғи болмысына әжептәуір ықпалын тигізді.

Қоғам даму нәтижесі ретінде пайда болған мемлекет пен мемлекеттік билік және оның өзіне тікелей қатысты басқа да мәселелер қай уақытта болмасын қалыс болып қалған емес. Қазіргі дамыған өркениетті қоғамдарда да осы мәселе әлі маңызын жойған жақ. Билікке байланысты халықтың бір тобының байып, екінші тобының әлеуметтік жағдайының төмен болуы жылдан жылға айқындала түсуде. Осыдан тарихтағы елдердің билік тәжірибиесіне қайта қайырылып соғудың қажеттігі байқалады. Мемлекетті нығайту – ондағы халықтардың әл-ауқатын жақсарту деген сөз. Мемлекеттердегі билік тәжірибиесіне ынта қою заман талабы. Бұл тәжірибиелерді қарастырып ғана қоймай, мемлекеттанудың қазіргі танымдарымен әдіс-амалдарын зерттеу қажеттілігі пайда болды. Бізге қажеттілік мүмкіндіктерді дұрыс пайдалану үшін мемлекет үлгілері мен институттарының артықшылықтарын немесе кемшіліктерін біліп, жете зерделеу қажет.

1. “Қазақстан - 2030” ел Президентінің Қазақстан халқына жолдауы // “Ақиқат” журналы. №12. 1997. 4-25 б.

2. Мазутова Н.М., Малько А.В. Теория Государства и права, Курс лекций, М., 1997.

3. Саяси-құқықтық ілімдер тарихы : оқулық / М. Мұхамедов, Б.Сатершинов, Б. Сырымбетұлы. – Алматы: Заң әдебиеті, 2007.

\*\*\*

В статье рассматриваются этапы и формы государственности, а также развитие государственности в виде общественно-политической организации в историческом аспекте.

\*\*\*

The article discusses the stages and forms of statehood and the development of the state as a socio-political organization in the historical aspect.

*И.Э. Молдабаева*

## **АЗАМАТТЫҚ ҚОҒАМ ИНСТИТУТТАРЫ: ТАРИХИ-ТЕОРИЯЛЫҚ АСПЕКТІЛЕР**

Азаматтық қоғамның қалыптасу үрдісінде, оның басты факторлары мен құндылықтарына ғылыми зерттеу жүргізіліп, даму үрдістерін анықтау маңызды мәселелердің бірі. «Азаматтық қоғам» ұғымы арқылы қоғамдық байланыстар мен қатынастардың жағдайы бейнеленіп, белгілі бір мемлекеттегі тұрғындардың азаматтық қайраткерлігінің қарқыны, мемлекет пен қоғамның әлеуметтік саладағы қызметтерінің бөліну деңгейі анықталады. Басқаша айтқанда, азаматтық қоғам демократиялық құрылысқа аса қажет әлеуметтік қатынастардың өзін-өзі реттеу қызметіне жағдай туады: азаматтар саяси институттардың көмегіне сүйенбей-ақ, өздері реттей алатын қатынастарға мемлекеттің қол сұғуы тежеледі. Сондықтан да демократиялық сипаттағы саяси жүйесі бар құқықтық мемлекеттің дамуында азаматтық қоғамның алатын орны ерекше.

Азаматтық қоғамның біздің түсінігіміздегі нақты анықтамасы мынадай: ол – құрамындағы мүшелердің арасындағы экономикалық, мәдени, құқықтық және саяси қатынастары дамыған, мемлекеттен тәуелсіз, бірақ онымен өзара әрекеттесуші қоғам, мемлекетпен бірлесе отырып, дамыған құқықтық қатынастар құрушы, жоғарғы дәрежелі әлеуметтік, экономикалық, саяси, мәдени және моральдық мәртебелі азаматтар қоғамы. Азаматтық қоғамның шынайылығы идеал мен идеалдық жобаның және осындай жобаны жүзеге асырушы қоғамның шын мәнісінде қол жеткізген жетістіктерімен анықталады.

Бүгінгі таңдағы көзқарас бойынша, азаматтық қоғам бұл айтылғандармен қоса, демократиялық заңдар, биліктің тармақтарға жіктелуі, заң жүзіндегі оппозицияның болуы, көппартиялық жүйе сияқты басқа да азаматтық өмірдің құндылықтарын, адамдардың саяси және әлеуметтік бостандықтарын және олардың ассоциацияға, топқа, партияға бірлесуін жүзеге асырушы тетіктерді қамтиды. Азаматтық қоғам заңды тіркелген, құрылымды бекітілген және психологиялық тұрғыда қамтамасыз етілген әлеуметтік-саяси қызметтің материалдық және идеялық плюрализммен ажырамас бірлікте. Ал адамның жеке өміріне ешбір қол сұғушылыққа жол берілмейді, ол тек заңды бұзып, оған қайшы келмесе болғаны. Адам құқығы басты орындағы мәселе.

Тарихи деректемелерге сүйене келе азаматтық қоғам ұғымының пайда болуы жөнінде ұлы ойшыл ежелгі және орта ғасыр ғалымдар арасында екі түрлі көзқарас бар. Біреулері оны буржуазиялық қоғамның жемісі дей келіп, нарықтық қатынастармен байланыстырады. Екіншілері ондай қоғам белгілі бір шамада болмасын болған дейді.

Еңбек туындыларына сілтемелі нысанда қарастыратын болсақ, азаматтық қоғам идеясы өте ертеде пайда болған. Ұлы Грек әлемінің данасы Аристотель еңбектерінің өзінде бір азаматтық қоғамдағы меншіктің рөлі туралы пікірлерін, жеке тұлғаға байланысты мағлұматтарды кездестіреміз.